

Ядролық материалдар сынаамасын әкетуге рұқсат алу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 4 желтоқсан N 548-ө

1. Қазақстан Республикасы мен Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) арасында Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы Келісімнің 73, 74-баптарын орындау үшін және сәйкес тәуелсіз бұзу өлшемдерін жүргізу үшін шығарылатын әрбір партияда 750 грамнан аспайтын мөлшерде МАГАТЭ (Вена, Австрия) штаб-пәтеріне жолданатын ядролық материалдар сынаамасын әкетуге рұқсат етілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.06.30.

N 1037 қаулысымен. P971037_

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі осы өкімді негізге ала отырып Келісімнің қолданылу уақытына қолданылып жүрген заңдарға сәйкес лицензия берсін.

3. Ядролық материалдар сынаамалары тиелген контейнерлер МАГАТЭ мөрлерімен сүргіленсін және жөнелтуші-кәсіпорын мен МАГАТЭ-нің ілеспе құжаттамаларымен жабдықталсын.

4. МАГАТЭ штаб-пәтеріне (Вена, Австрия) ядролық материалдар сынаамаларын жолдауды Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің ұсынуымен МАГАТЭ мөрлерін бұзбай, жөнелтуші-кәсіпорын жүзеге асырады.

Премьер-Министр